

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Директорлар кеңесінің 2012 жылғы «25»
қыркүйектегі сырттай отырысының
№4 хаттамасына
қосымша

*«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар
кеңесінің сырттай отырыстарының 2014
жылғы 31 наурыздағы №79, 2015 жылғы 24
сәуірдегі №98, 2015 жылғы 31
желтоқсандағы №411, 2016 жылғы 25
наурыздағы №93, 2017 жылғы 17 қазандағы
№62, 2018 жылғы 26 желтоқсандағы №89,
2019 жылғы 24 маусымдағы №40, 2019
жылғы 26 қарашадағы №77
хаттамаларымен енгізілген
толықтырулармен және өзгерістермен*

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның осы Дивидендтік саясаты (бұдан әрі – Дивидендтік саясат) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және өзге де қолданыстағы заңнамасына, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) Жарғысына, Банктің Корпоративтік басқару кодексіне және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жасалып әзірленді.

Дивидендтік саясаттың 2-тармағына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді (2015 жылғы 31 желтоқсандағы №411 хаттама)

2. Осы Дивиденд саясатын қабылдаудың мақсаты дивиденд төлеу туралы шешім қабылдаудың, дивиденд мөлшерін, оны төлеудің тәртібі мен мерзімін анықтаудың Банк акционерлері үшін бүркемесіз және түсінікті тетіктері мен тәртібін белгілеу болып табылады. Бұл ретте Банк іске асыратын дивиденд саясатының тиімділігі Банктің уәкілетті органы бекіткен тиісті бағалау әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Дивидендтік саясат «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне (2018 жылғы 26 желтоқсандағы №89 хаттама) сәйкес 2-1-тармақпен толықтырылды

2-1. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі нәтижесінде Дивидендтік саясаттың жекелеген нормалары олармен қайшылыққа түссе, Дивидендтік саясаттың аталған нормалары күшін жоғалтады және де Дивидендтік саясатқа тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алу қажет.

2-тарау. Акционерлерге дивиденд төлеудің негізгі талаптары

Дивидендтік саясаттың 3-тармағы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі шешіміне сәйкес редакцияда баяндалған (2015 жылғы 24 сәуірдегі №98 хаттама)

3. Банктің Директорлар кеңесі Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына мына төмендегі талаптарды ескере отырып, Банк акционерлеріне дивиденд төлеу туралы шешім қабылдауды ұсынады:

1) Банкте бөлінуге тиіс таза пайданың болуы;

2) дивиденд төлеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған шектеулердің, сондай-ақ Банктің үшінші тұлғалармен, атап айтқанда, шетелдік қаржы ұйымдарымен бекітілген шарттарында шектеулердің болмауы (ковенанта);

3) *«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес алып тасталынды (2019 жылғы 24 маусымдағы №40 хаттама);*

4) Банктің халықаралық кредит рейтингтерін сақтап қалу (ұстап отыру);

5) Банктің тиісті кезең үшін қаржылық есептемесіне аудит жүргізу;

6) Банк акционерлері жалпы жиналысының шешімі;

7) күнтізбелік бір жылдың ішінде дивидендті бір мәрте ғана төлеу;

8) дефолт жағдайына немесе дивиденд төлеу Банк міндеттемелері бойынша дефолтқа әкеп соғатын жағдайға жол бермеу;

9) *«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес алынп тасталды (2015 жылғы 31 желтоқсандағы №411 хаттама).*

Дивидендтік саясаттың 3-тармағы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес 10) тармақшасымен толықтырылды (2019 жылғы 24 маусымдағы №40 хаттама)

10) шоғырландыру негізінде негізгі капитал жеткіліктілігінің болжамдық көрсеткішін дивидендті кемінде 17% деңгейінде жоспарлы төлеуді ескере отырып сақтау.

3-тарау. Дивиденд мөлшерін анықтау

Дивидендтік саясаттың 4-тармағына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді (2019 жылғы 24 маусымдағы №40 хаттама)

4. Банктің Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылатын дивиденд мөлшерін (бір жай акция бойынша есептелген) айқындау кезінде Банктің меншікті капиталының мөлшерін ескереді, сондай-ақ жай акциялар бойынша дивиденд төлеу үшін жұмсалатын ақша сомасы Банктің есептік жыл үшін аудит жасалған, шоғырландырылған қаржылық есептемесі бойынша анықталатын таза пайдасының жалпы мөлшерінің 50 пайыздан 100 пайызға дейінгі бөлігін құрайтын болады. Дивидендтік төлемдерді қамтамасыз ету үшін Банк сонымен қатар өзінің еншілес ұйымдарынан алынған дивидендтік төлемдер есебінен құрастырылған ақшалай қаржы ресурсын да тартатын болады.

Дивидендтік саясат «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі шешіміне сәйкес (2016 жылғы 25 наурыздағы №93 хаттама) 4-1-тармақпен толықтырылды.

Дивидендтік саясаттың 4-1-тармағына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді (2019 жылғы 24 маусымдағы №40 хаттама)

4-1. Банктің директорлар кеңесі Банктің стратегиялық мақсаттарына сәйкес Банк акционерлерінің жалпы жиналысына Банктің аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептемесі бойынша анықталатын есептік жыл бойынша таза кірістің бір бөлігін жай акциялар бойынша дивиденд төлеуге жолдамауды ұсынуға немесе жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдерге бағытталатын ақша сомасын Банктің аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептемесі бойынша анықталатын есептік жыл бойынша таза кірістің жалпы бөлігінің 50%-нан төмен төмендетуге құқылы.

Дивидендтік саясаттың 5-тармағы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне (2017 жылғы 17 қазандағы №62 хаттама) сәйкес редакцияда берілді

5. Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтер көлемі Банктің акциялар шығарылымы пропектісіне, Банктің Жарғысына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықталады. Банк Басқармасы акциялар бойынша дивидендтердің есептелуі пруденциалдық нормативтердің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мәндерден төменге алып келген жағдайда, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеуге құқығы бар.

4-тарау. Дивиденд төлеу туралы шешім қабылдаудың тәртібі

6. Банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы және бір жай акцияға

төленетін дивиденд мөлшерін айқындау туралы шешім Банк акционерлерінің жалпы жиналысында, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, дауыс беруге қатысушы Банк акцияларының жалпы санының жай басым көпшілігімен қабылданады.

7. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықталған тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Жыл қорытындысы бойынша қаржылық нәтижелерді ескере отырып, Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлеудің орынсыз екендігі туралы шешім қабылдауға құқылы.

5-тарау. Дивиденд төлеудің тәртібі

9. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлеу басталатын күнді Банктің Директорлар кеңесі анықтайды.

10. Артықшылықты акциялар бойынша дивиденд толығымен төленіп болғанша Банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлеу жүргізілмейді.

Дивидендтік саясаттың 11-тармағына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешімдеріне (2017 жылғы 17 қазандағы №62 хаттама және 2018 жылғы 26 желтоқсандағы №89 хаттама) сәйкес өзгерістер енгізілді

11. Банк Банктің жай акцияларына дивидендтер төлеу мәселесі бойынша Банк акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданған шешім туралы Банктің Жарғысында анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында Банк шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жариялауға міндетті.

Банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және өзге деректемелері;
- 2) дивиденд төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға есептелген дивиденд төлемінің мөлшері;
- 4) дивиденд төлеу басталатын күн;
- 5) дивиденд төлеудің тәртібі мен нысаны;
- 6) төлем агентінің атауы (төлем агенті бар болған жағдайда).

Дивидендтік саясаттың 12-тармағына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне (2018 жылғы 26 желтоқсандағы №89 хаттама) сәйкес өзгерістер енгізілді.

12. Артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу мерзімі басталудан бұрын 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде Банк өз акционерлерін қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілінде жариялау арқылы, сондай-ақ Банктің қарауы бойынша Банк Жарғысына сәйкес анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы және Банк Жарғысында және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге ақпарат жариялау арқылы, сондай-ақ артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу жөнінде Банк акционерлерін хабардар етудің өзге тәсілдерін пайдалану арқылы уақытында хабардар етуді қамтамасыз етеді.

13. Банк орналастырмаған немесе Банктің өзі сатып алған акциялар бойынша Банк дивиденд есептемейді және төлемейді.

14. Төленетін дивидендтер бойынша салық салу Қазақстан Республикасының қолданыстағы салықтық заңнамасында қарастырылған тәртіппен жүргізіледі.

Дивидендтік саясат «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне (2014 жылғы 31 наурыздағы №79 хаттама) сәйкес 14-1 тармағымен толықтырылды.

Дивидендтік саясаттың 14-1 тармағы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне (2017 жылғы 17 қазандағы №62 хаттама) сәйкес редакцияда берілді.

Дивидендтік саясаттың 14-1 тармағы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне (2019 жылғы 26 қарашадағы №77 хаттама) сәйкес редакцияда берілді.

14-1. Дивидендтерді төлеу:

1) Банкте немесе Банк акцияларын ұстаушылардың реестрлері жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болғанда, күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей:

жай акциялар бойынша – акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі келесі күннен бастап;
артықшылықты акциялар бойынша – дивидендтер алуға құқығы бар акционерлер тізімі жасалған күннен кейін жүргізіледі;

2) Банкте немесе Банк акцияларын ұстаушылардың реестрлері жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, Банк акциялары бойынша дивидендтерді төлеу Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған, талап етілмеген ақшаларды есепке алуға арналған шотқа күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей:

жай акциялар бойынша – акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі келесі күннен бастап;
артықшылықты акциялар бойынша – дивидендтер алуға құқығы бар акционерлер тізімі жасалған күннен кейін жүргізіледі.

6-тарау. Дивидендті бағалы қағаздармен төлеу

Дивидендтік саясаттың 15-тармағына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне (2018 жылғы 26 желтоқсандағы №89 хаттама) сәйкес өзгерістер енгізілді

15. Акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда, Банк жай акциялар бойынша дивиденд төлеуді өзінің бағалы қағаздары арқылы: Банктің жарияланған акциялары және (немесе) Банк шығарған облигациялар арқылы жүзеге асыруға құқылы. Акционерлердің жалпы жиналысының жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешімінде дивидендті Банктің осы аталған бағалы қағаздарымен төлеу мүмкіндігі атап көрсетілуге тиіс және бұл шешім акционерлердің жалпы жиналысында Банктің дауыс беруші акцияларының жай басым көпшілік дауыс санымен қабылдануға тиіс.

16. Банктің артықшылықты акцияларын иеленуші акционерінен басқа Банк акционері, егер ол дивидендті бағалы қағазбен алуға тілек білдірген болса, Банкке жазбаша түрде тиісті өтініш беруге тиіс және онда дивидендті Банктің бағалы қағаздарымен алуға келісім беретіндігін атап айтуы керек.

17. Банк дивидендті ішінара ақшалай және ішінара бағалы қағаздармен төлеуді қарастыратын аралас тәсілмен, сондай-ақ бағалы қағаздардың әр түрімен (ішінара жарияланған акциялармен және ішінара шығарылған облигациялармен) төлеуге құқылы.

18. Дивиденд түрінде төленетін бағалы қағаздар санының есебін шығару акционерлердің жалпы жиналысында белгіленген бір акция бойынша белгіленген (жай акцияларға қатысты) дивиденд мөлшеріне қарай, Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар бойынша табысқа салық салуды ескере отырып жүргізіледі.

19. Банк акционерлерінің дивиденд ретінде алу үшін мәлімдеген бағалы қағаздарының саны Банктің қолындағы бағалы қағаздар санынан асып кеткен жағдайда акционерлерге осы аталған бағалы қағаздармен дивиденд төлеу оларға тиесілі Банк акцияларына пропорционалды түрде жүргізіледі. Дивидендтің бағалы қағаздармен төленбеген бөлігі ақшалай төленеді.

Дивидендтік саясаттың 15-тармағына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне (2018 жылғы 26 желтоқсандағы №89 хаттама) сәйкес өзгерістер енгізілді

20. Акционерлерге дивиденд түрінде төленетін бағалы қағаздарды аудару Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіппен жүргізіледі.

7-тарау. Акционерлерге дивиденд төленбегені үшін жауапкершілік

Дивидендтік саясаттың 21-тармағына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне (2018 жылғы 26 желтоқсандағы №89 хаттама) сәйкес өзгерістер енгізілді

21. Банк, «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ және (немесе) атаулы ұстаушы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 15-бабына сәйкес акционерлер өздерінің нақты банктік деректемелерін немесе деректемелеріндегі өзгерістерді

«Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-на және (немесе) атаулы ұстаушыға уақытында тапсырмағандықтан, оларға дивиденд төленбегені үшін жауапкершілік арқаламайды.

22. Егер жарияланған дивиденд акцияны иеленушіге Банкке қатысы жоқ себептерге байланысты төленбеген болса (талап етілмеген дивидендтер), Банк мұндай төленбей қалған дивиденд төлемін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады. Талап етілмеген дивидендтер бойынша сыйақы есептелмейді.

23. Акционер өзінің алынбай қалған дивидендін төлеуді Банк берешегінің пайда болу мерзіміне байланыссыз талап етуге құқылы. Егер дивидендті төлеу белгіленген төлем мерзімі ішінде Банктің кінәсінен төленбеген болса, Банк акционеріне тиесілі дивиденд пен ақшалай міндеттеме немесе оның тиісті бір бөлігі орындалатын күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі белгілейтін ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша есептелетін өсімақы сомасы төленеді.

8-тарау. Акционерлер мен инвесторларды дивидендтік саясат туралы хабардар ету

24. Дивидендтік саясаттың қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі нұсқаларын және оның өзгерістерін, сондай-ақ дивиденд төлемінің соңғы бес жыл ішіндегі тарихын Банк өзінің корпоративтік сайтында Интернет желісіндегі www.halykbank.kz бойынша орналастырады.